

**"2015-2017 жылдарға арналған Бесқарағай ауданының бюджеті туралы"  
Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 29/2-V  
шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 33/2-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 сәуірде № 3903 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 39/3-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 39/3-V шешімімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының "2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 24/289-V шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 26/317-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3808 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "2015-2017 жылдарға арналған Бесқарағай ауданының бюджеті туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 29/2-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3625 нөмірімен тіркелген, "Бесқарағай тынысы" газетінің 2015 жылғы 24 қаңтардағы № 8, 2015 жылғы 25, 28 ақпандағы "Бесқарағай тынысы" газетінің № 17, 18 сандарында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"кірістер – 2648442,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 266287,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 4474,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 4264,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 2373417,0 мың теңге";

- 2) тармақша келесі редакцияда жазылсын:  
"шығындар – 2658249,6 мың теңге";
- 3) тармақша келесі редакцияда жазылсын:  
"таза бюджеттік кредит беру – 9035,0 мың теңге, оның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 11892,0 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 2857,0 мың теңге";
- 4) тармақша келесі редакцияда жазылсын:  
"қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0,0 мың теңге, оның ішінде:  
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге";
- 5) тармақша келесі редакцияда жазылсын:  
бюджет тапшылығы (профицит) – -18842,6 мың теңге";
- б) тармақша келесі редакцияда жазылсын:  
"бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 18842,6 мың теңге".
- 1 қосымшадағы II "Шығындар" бөлімінде:  
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" 01 функционалдық тобы келесі бағдарламалармен толықтырылсын:
- "Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" 495001 бағдарламасы – 21143,0 мың теңге;
- "Мемлекеттік органның күрделі шығыстары" 495003 бағдарламасы – 300,0 мың теңге.
- "Білім беру" 04 функционалдық тобы келесі бағдарламамен толықтырылсын:  
"Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау" 495037 бағдарламасы – 370479,0 мың теңге.
- "Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық" 07 функционалдық тобы келесі бағдарламалармен толықтырылсын:  
"Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі" 495016 бағдарламасы – 16626,0 мың теңге;
- "Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту" 495058 бағдарламасы – 10853,0 мың теңге;
- "Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру" 495025 бағдарламасы – 12269,0 мың теңге;
- "Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" 495029 бағдарламасы – 13632,0 мың теңге;
- "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" 495031 бағдарламасы – 81,0 мың теңге.

"Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" 10 функционалдық тобы келесі бағдарламалармен толықтырылсын:

"Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" 454001 бағдарламасы – 21500,0 мың теңге;

"Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" 473001 бағдарламасы – 8145,0 мың теңге;

"Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу" 473009 бағдарламасы – 6474,0 мың теңге;

"Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу" 473010 бағдарламасы – 2584,0 мың теңге;

"Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу" 473011 бағдарламасы – 41425,0 мың теңге.

Аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Б. ОМАРОВ*

*Бесқарағай аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*Қ. САДЫҚОВ*

Бесқарағай аудандық  
мәслихатының 2015 жылғы  
13 сәуірдегі № 33/2-V  
шешіміне қосымша  
Бесқарағай аудандық  
мәслихатының 2014 жылғы  
25 желтоқсандағы № 29/2-V  
шешіміне 1 қосымша

## 2015 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты					Барлық кірістер (мың теңге)
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Ерекшелігі					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				I. Кірістер	2648442,0
1				Салықтық түсімдер	266287,0
	01			Табыс салығы	93283,0
		2		Жеке табыс салығы	93283,0
			01	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	80244,0

	02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	13000,0
	04	Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	39,0
03		Әлеуметтік салық	80088,0
	1	Әлеуметтік салық	80088,0
	01	Әлеуметтік салық	80088,0
04		Меншікке салынатын салықтар	84630,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	49547,0
	01	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	47912,0
	02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	1635,0
	3	Жер салығы	2963,0
	02	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	1721,0
	03	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жеріне және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерге салынатын жер салығы	52,0
	08	Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	1190,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	29620,0
	01	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	620,0
	02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	29000,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2500,0
	01	Бірыңғай жер салығы	2500,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	5711,0
	2	Акциздер	1190,0
	96	Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын бензин (авиациялықты қоспағанда)	1100,0
	97	Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын дизель отыны	90,0
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	990,0
	15	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	990,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3531,0
	01	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	321,0
	02	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	1000,0
	03	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	110,0
	05	Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы үшін алынатын алым	150,0
	14	Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	95,0
	18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	1855,0
07		Басқа да салықтар	0,0
	1	Басқа да салықтар	0,0
	10	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	0,0
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2575,0

	1	Мемлекеттік баж	2575,0
	02	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, атқару парағының дубликатын беру туралы шағымдардан, аралық (төрелік) соттардың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару парағының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынады	900,0
	04	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін мемлекеттік баж	900,0
	05	Шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін алынатын мемлекеттік баж	112,0
	07	Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін мемлекеттік баж	16,0
	08	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	318,0
	09	Аңшы куәлігін бергені (қайта ресімдеу) және оны жыл сайын тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	16,0
	10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	37,0
	12	Азаматтық, қызметтік қаруды және оның оқтарын сатып алуға, сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, рұқсат бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	212,0
	21	Тракторшы-машинистің куәлігі берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	64,0
2		Салықтық емес түсімдер	4474,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	204,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	200,0
	08	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	200,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	4,0
	13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	4,0
	02	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	90,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	90,0
	02	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	90,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	4180,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4180,0

	09	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	4180,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4264,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	4264,0
	1	Жерді сату	4000,0
	01	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	4000,0
	2	Материалдық емес активтерді сату	264,0
	02	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	264,0
4		Трансферттердің түсімдері	2373417,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2373417,0
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2373417,0
	01	Ағымдағы нысаналы трансферттер	297867,0
	02	Нысаналы даму трансферттері	381332,0
	03	Субвенциялар	1694218,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	2857,0
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	2857,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2857,0
	13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2857,0
7		Қарыздар түсімі	11892,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	11892,0
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	11892,0
	03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	11892,0

Функционалдық топ			
	Функционалдық кіші топ		Сомасы (мың теңге)
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бюджеттік бағдарлама		
		Шығындар атауы	
		II. Шығыстар	2658249,6
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	300351,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	237241,0
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15079,0
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	15079,0
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	87274,0
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	87274,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	134888,0
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	133268,0
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1620,0
	2	Қаржылық қызмет	14007,0

	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14007,0
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13229,7
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	777,3
5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	14008,0
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	14008,0
		001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14008,0
		004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	35095,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0,0
		001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
		013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	13652,0
		001 Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13652,0
	495	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	21443,0
		001 Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21143,0
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
02		Қорғаныс	12296,0
	1	Әскери мұқтаждар	8296,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8296,0
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8296,0
	2	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	4000,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4000,0
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою	4000,0
04		Білім беру	1698080,0
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	67868,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	67868,0
		040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	67868,0
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1235804,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1235804,0
		004 Жалпы білім беру	1181006,0

	005	Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру	36720,0
	028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	18078,0
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	394408,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	23929,0
	009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	10240,0
	010	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	300,0
	020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	12643,0
	027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	746,0
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	0,0
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	0,0
	495	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	370479,0
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	370479,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	243364,0
	1	Әлеуметтік қамсыздандыру	12837,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	12837,0
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	12837,0
	2	Әлеуметтік көмек	173798,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	173798,0
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	23144,0
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	11439,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4715,0
	006	Тұрғын үй көмегі	3000,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	45199,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	3300,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	47973,0
	015	Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы	4723,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	10000,0
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	1700,0
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	5960,0
	052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	12645,0



9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	56729,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	56729,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22579,0
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2026,0
	025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	23110,0
	050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	9014,0
07		Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық	80719,0
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	3276,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3276,0
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	3276,0
	2	Коммуналдық шаруашылық	27479,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0,0
	012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	0,0
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	0,0
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	0,0
	495	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	27479,0
	016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	16626,0
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	10853,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	49964,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	23982,0
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	18282,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2233,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3467,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0,0
	015	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	0,0
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0,0
	018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	0,0
	495	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	25982,0
	025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	12269,0
	029	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	13632,0
	031	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	81,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	123979,0

1		Мәдениет саласындағы қызмет	51886,0
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	51886,0
		009 Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	51886,0
2		Спорт	3534,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3534,0
		014 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1534,0
		015 Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2000,0
3		Ақпараттық кеңістік	39280,0
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	39280,0
		005 Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8960,0
		007 Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	20920,0
		008 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	9400,0
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	29279,0
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	29279,0
		001 Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21880,0
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
		004 Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	7399,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	96402,0
	1	Ауыл шаруашылығы	41500,0
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2797,0
		099 Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	2797,0
	454	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	21500,0
		001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21500,0
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	17203,0
		001 Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8145,0
		009 Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	6474,0
		010 Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	2584,0
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	0,0
		001 Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
		011 Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	0,0

	012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	0,0
6		Жер қатынастары	13477,0
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	13477,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9076,0
	004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2401,0
	006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	2000,0
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	41425,0
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	41425,0
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	41425,0
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	0,0
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	0,0
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	0,0
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	0,0
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	0,0
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
12		Көлік және коммуникация	76394,0
1		Автомобиль көлігі	76394,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	8394,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8394,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0,0
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	0,0
	495	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	68000,0
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	68000,0
13		Басқалар	22263,0
3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	0,0
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	0,0
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
9		Басқалар	22263,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	19179,0
	040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	19179,0

	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	3084,0
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	3084,0
14		Борышқа қызмет көрсету	4,0
1		Борышқа қызмет көрсету	4,0
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4,0
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	4,0
15		Трансферттер	4397,6
1		Трансферттер	4397,6
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4397,6
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	4397,6
III		Таза бюджеттік кредит беру	9035,0
		Бюджеттік кредиттер	11892,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	11892,0
1		Ауыл шаруашылығы	11892,0
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	11892,0
	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	11892,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	2857,0
1		Бюджеттік кредиттерді өтеу	2857,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2857,0
IV		Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
6		Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
V		Бюджет тапшылығы (профицит)	-18842,6
VI		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	18842,6
7		Қарыздардың түсуі	11892,0
1		Ішкі мемлекеттік қарыздар	11892,0
	2	Қарыз шарттары	11892,0
16		Қарыздарды өтеу	2857,0
1		Қарыздарды өтеу	2857,0
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	2857,0
	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	2857,0